

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и
науки Республики Казахстан**



Нұр-Сұлтан қ.

13-14 сәуір 2021 ж.

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқауын қашықтық форматта өткізеді.

Ынтымақтастық, ұтқырлық, динамизм, конструктивтілік, жауапкершілік – бұл хореографиямен жүйелі түрде айналысу нәтижесінде балалар мен жастарда қалыптасатын жеке қасиеттер.

Хореографиямен белсенді түрде танысу нәтижесінде балалар мен жастардың көркемдік талғамы қалыптасады.

Фестиваль-байқаудың мақсаты: білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және әрі қарай дамыту бойынша жүйелі де мақсатты жұмыс жүргізуге жағдай жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға араластыру.

Фестиваль-байқау жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы балалар хореографиялық ұжымдарының – облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының Фестиваль-байқау кезеңдері жеңімпаздарының арасында өткізіледі. Республикалық фестиваль-байқауға қатысушылардың жалпы саны – 153 адам.

Фестиваль-байқауға қатысушылар «Халық биі және халықтық-стильденген би» және «Заманауи би» номинациялары бойынша байқау жұмыстарын ұсынады.

Фестиваль-байқаудың нәтижесі бойынша жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс

хаттар, барлық қатысушыларға сертификаттар табысталады. Сондай-ақ «Үздік хореографиялық қойылым», «Би қойылымының ерекшелігі үшін», «Сахналық шеберлігі үшін» номинациялары бойынша үздік байқау жұмыстары анықталатын болады.

Фестиваль-конкурс хореографиялық ұжымға концерттік қойылымда өзінің шығармашылық жұмысын көпшілік алдында көрсетіп қана қоймай, оны басқа ұжымдардың шығармашылық жетістіктерімен салыстыруға, кәсіби дағдылар мен іскерліктерді дамытуға және қолдауға, осы іс-шара шеңберінде хореография саласында жаңа білім алуға тамаша мүмкіндік береді.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондарға хабарласуға болады: + 7 (7172) 64 27 32; e-mail: rumcdo.muz@mail.ru